

ARROWART

ҒИБРАТ-ҒҰМЫР



Мемлекет басшысы бір сөзінде елімізде еңбек адамдарын кеңірек насихаттау жөнінде айтқан болатын. «Тағы бір зор мақсат – елді еңбекке баулу. Шындықты айтсақ, шетелдерде халқымыз нағыз еңбекқор жұрт ретінде әлі таныла қойған жоқ. Бұл біздің беделімізге де едәуір нұқсан келтіреді. Қажырлы еңбектің арқасында ғана көп мәселені шешіп, мемлекетімізді дамытамыз, әл-ауқатымызды арттырамыз. Сондықтан еңбекке баулу жастарға тәрбие берудің негізгі бағыты болу керек деп санаймын. Бұл ұлттың болашағына тікелей ықпал етеді» деді Президент. Осы орайда өмірі еңбекпен өрілген, артынан өнегелі із қалдырған азамат жөнінде сыр шертсем деймін.

Жайқалтып егін өсірген Қостанай өңірінде Қадамбаевтар әулетін білмейтіндер кемде-кем. Олардың арасында елімізге белгілі қоғам қайраткері, танымал кәсіпкерлер, әділдіктің ақ туын жоғары ұстаған заңгерлер және басқа да тәуелсіздігіміздің тұғыры биік болуы жолында талпыныс жасап жатқандар баршылық.

Біз бүгін қарапайым ғана мамандықты игеріп, соның шыңына көтерілген ардақты ақсақал Сәлімжан Қадамбайұлы жөнінде әңгімелемекпіз. Оның ғұмыры кейінгі қазақтың жалынды жастарына өнеге.

Бұл күндері еңбек өреңдеріне мемлекетімізде ерекше назар аударылып жатыр. Өйткені, еліміздің байлығын адамдар жасайды. Аға-буын өкілдерінің жүріп өткен жолдарынан өскелең ұрпақ үлгі алады.

Ол ешқашан атақ-даңқ, мансап құған адамдардың санатынан емес. Жұрт қатарлы қоңыр төбел ғана ғұмыр кешті. Өзінің адалдығы мен маңдай теріне ғана сенді. Елінің өркендеп, өсуі мен құтты шаңырағының беріктігін ойлады.

Осы мақаланы қолға алмас бұрын көп толғанып, сыйлы азамат жөніндегі деректер мен дәйектерге сүйендім. Алайда, Сәкең хақында асыл жары Сәуле апамыздан артық кім біледі деген тоқтамға келдім.

Сөйтіп, халық құрметтеген ағамыздың облыс орталығындағы киелі қара шаңырағында болдым. Мені марқұмның алпыс жылға жуық отасқан аяулы жан серігі, отағасының шырағын сөндірмей отырған Сәуле Ділдәбекқызы жылы жүзбен қарсы алды.

Дидары ашық-жарқын апамыздың жан дүниесінің рухани байлығы, таным-түйсігінің кеңдігі жақсы әсер қалдырды. Құдай қосқан қосағының намысты да жігерлі, ұлтжанды, балаларының әкесі жайлы айтары да, шертер сыры да жетерлік.

Жастай қосылып, жұбайлық өмір мен тіршіліктің барқындығы мен қызығын бірге өткізген үй иесінен кенеттен айрылып қалу кімге жеңіл дейсің. Ол жайлы тебірене баяндағанда қимастық сезіммен сағыныштан да болар, қарсы алдымда отырған ол көзіне мөлтілдеп келіп қалған жасты да жасыра алмады.

Одан әрі сөзіміз бір арнаға тоғысып, кейіпкеріміздің сонау артта қалған бозбалалық шағы мен азамат болып қалыптасуы мен абыз аталық кезеңіне дейін қысқаша шолу жасады.

ҚИЫНДЫҚТЫ ТАБАНДЫЛЫҚПЕН ЖЕҢДІ

Еңбектің қара нары атанған Сәлімжан Қадамбаев облыс орталығымен іргелес жатқан қазақтың бұрынғы қаймағы бұзылмаған Ақсу ауылында дүниеге келді. Бұл ата-бабаларының ежелден келе жатқан қонысы еді.

Ол тұрмысқа қолайлы, жан-жағы тұнып тұрған көк орай шалғынды жер. Тобыл өзеніне жақын орналасқан. Қазіргі таңда құрылысы қарқынды жүріп жатқан Қонай елді мекенінен алыс емес.

Бір отбасының тірегі Қадамбай атамыз бен оның зайыбы Зейнеп әжеміз өз ортасында ел ілтипатына бөленген салиқалы кісілер-тін. Отағасы өзге замандастары секілді ауылдағы түрлі шаруамен айналысты. Үйдің берекесін келтірген отанасы өздерінен тараған жеті баланың тәрбиесімен шұғылданды. Олардың бәрі де өз қатарынан қалмады. Бойларындағы қарым-қабілеттері мен таудай талаптарына қарай кәсіптерді меңгерді. Халық пен ел мүддесіне қызмет етті.

Тұңғыштары Ақтас өңірге белгілі механизатор болды. Оның жасампаздық жетістіктері мен тың ізденістері жайлы кезінде жергілікті журналистер талай танымдық мақалалар жазды. Оны зиялы қауым біледі.

Батагөй ақсақал Қадамбай атамыздың болашағынан үлкен үміт күткен ұлдарының бірі-Сәлімжан кішкентайынан нағашы әжесі Айғанымның бауырында өсті. Олар сол кездері тұрмыстың жағдайына байланысты Таран ауданында кәдімгі сабаннан салынған баспанада тұрды. Адамдар бір-біріне жанашыр әрі қамқор-тын.

Кешегі Ұлы Отан соғысы басталардан алты жыл бұрын яғни 1935 жылы қыркүйекте туылған бұлардың замандастарында бүгінгінің жастарындай алаңсыз бақытты балалық шақ атымен болған жоқ. Кеңес әскерлері жеңіске жеткен соң да майданнан кейінгі уақыттар елдегілерге жеңіл соқпады.

Шаруашылықтарды қалпына келтіру секіл-

ді қат-қабат, кезек күттірмес жұмыстар басталды. Елді-мекендерден соғысқа аттанған ер кісілердің көпшілігі туған жерге оралмады. Оларға топырақ жат жерден бұйырды.

Ұжымдардағы қол күшін қажет ететін науқанды істер шал-шауқан, қатын-қалаш, қыз-келіншектердің иығына түсті. Ол кезде себеп-сылтау іздеп, жұмысқа шықпай қалу деген кездеспейтін.

Бұл шақта әлі бұғанасы қата қоймаған Сәлімжан да күнкөріс қамымен белін бекем буып, қарбалас тіршіліктің бел ортасында жүрді. Оның тұрғыластары оқудан гөрі, бейнетке қалай араласып кеткендерін білмей де қалды. Ертеңді-кеш қара жұмысқа жегілді. Шабындықта шөп шапты. Оны мая басына үйді. Уақытпен санасу дегенді мүлдем білген жоқ.

Қазіргі ұл мен қыздарға сол ауыр күндерді айтсаң, тап бір ертегідей көреді. Тіпті, нанбайды да. Олар ел басына түскен қиын-қыстау кезеңдерді тек кино және жазылған кітаптар арқылы білді.

Кейін бейнетқор бозбала ойлана келе отбасының болашағы жарқын, өзінің кім екенін дәлелдеу үшін тұрақты табыс, тиянақты кәсіп керек екендігін ұғынды. Туыстарымен ақылдасып, Тобыл стансасына көшіп келді.

Сөйтіп, техникаға деген қызығушылығы басым болғандықтан осында қысқа мерзімді шоферлер дайындайтын курсқа қабылданды. Зерек жігіт тепсе темір үзетін 19 жасында аталған мамандықты жетік меңгеріп шықты. Содан жергілікті жердегі автобазада жүргізушілік қызметке кірісті. Осынау ұжымда іскерлігі және тыңдырымдылық қырларымен көпшіліктің назарына ілінді. Өзіне жүктелген міндетіне байланысты сеніп тапсырылған көлікті әрдайым сақадай сай ақаусыз ұстады. Ауылдардың ұзақтығына қарамастан Торғай өңіріндегі ағайындарға көмір де тасыды.

Солтүстіктің ауа райы кәрі қыздың мінезіндей құбылмалы келеді емес пе? Көктемі мен күзі жауынды-шашынды болатыны баршаға аян. Ал қысы болса, тым ұзақ. Қаңтар-ақпанда ақ түтек бораннан жол бойы көрінбей қалатын күндер де аз емес.

Боран демекші, бірде сол қақаған қыс айында тәулік бойы бет қаратпайтын үскірік аязда далада қалды. Әйтеуір, алда көрер жарығы бар екен. Дін-аман отбасына оралды. Бұл осы ұмытылмас оқиғаны кейін талай рет еске алып, үй ішіндегілер мен достарына айтып жүрді. Адам баласы қандай қиындыққа да төзе білетіндіктің бір айғағы осы болса керек.

ШАҢҒЫРАҚТЫҢ ЖАРАСЫМЫ

Ол өткен жылдарда түрлі маркілі көліктерді игеріп қана қойған жоқ, мотордың соғысынан оның жайын бес саусақтай білетін. Кабинасы фанермен қапталған машинадан бастап, самосвалға дейін тізгіндеп, шеберліктің шыңына жетті. Өзгелер білмегендерін бұдан сұрап жататын. Тәжірибелі ағамыздың бір ерекшелігі – ешқашан да өзгелерге көмек беруден бас тартпайтын. Жолда белгісіз бір себептермен тоқтап қалған әріптестеріне қол ұшын беруді адамгершілік парызы санайтын.

Жаны жайсаң Сәлімжан аға өзінің облыстағы Қаратомар бөгенін салысуға атсалысқанын ғұмырындағы ең шуақты да бақытты кезеңге балайтын. Өйткені, сол бір жастық шаққа тән жалын таньпқан жылдар әрдайым жадыңдасақталып қалды.

Әйтсе де оның өмірінде 1964 жылдың сәуір айының жөні бөлек. Себебі, көрікті де алыстан көз тартатын тұлғалы жігіт ұлтымыздың ажарлықызы Сәулені жолықтырып, көп ұзамай жеке отау көтерді. Содан бұрынғы сүреңсіз тіршілік нұрланып сала берді.

Ер азаматтың абырой-беделін қашан да әйел заты асқақтататыны бесенеден мәлім. Таңдаған жары жастайынан тағылымды тәрбие алған өңірдің қызы болып шықты. Қадамбаевтар әулетіне құтты келін атанды. Азаматына қолдан келген жағдайдың бәрін де жасады. Отбасы, ошақ қасында отырып қалған жоқ. Қызметін де жалғастырды.

Өзі Қостанай ауыл шаруашылығы колледжінің түлегі. Есепшілік мамандықтың нағыз білгірі. Облыстағы Меңдіқара ауданына қарасты Майлап құтты қонысында туылып, осында бойжетті. Әкесі Ділдәбек ұлағатты ұстаз еді. Кішкентайынан әдептілік пен ұлттық салт-дәстүрімізге баулыған анасы Қымбат та өз заманының парасатты қыздарының бірі-тін. Екі перзентінің саналы да парасатты болып қалыптасуына барын салды.

Ерлі-зайыпты Сәлімжан және Сәуле Қадамбаевтар алдымен сол Таран ауданының «Викторов», содан кейін шаңырақ иесі зейнеткерлікке шыққан шақ көпке жақсы таньк «Вачасов» кеңшарында тұрып, жұрт қатарлы қажырлы еңбек етті.

Сол кездері бұл кеңшарды атағы республикамызға кеңінен жайылған, істің көзін терең білетін аса қадірлі тұлға Сапар Ерғалиев басқарды. Осынау халықтың жайын ойлаған қайраткердің арқасында ұжымның аты дүркіреп, күллі алып Одаққа тарады. Жеті бөлімшеден тұратын шаруашылықта үнемі бітік астық өсіп, мал шаруашылығы өркендеді. Соған сай, тұрғындардың да тұрмысы жақсарып, дәулеті артты.

Ауыл мен кеңшардың экономикалық жағынан дамуына өзіміз сөз етіп отырған Сәлімжан аға мен Сәуле апамыз да өздерінің қомақты үлестерін қосып, «Еңбегіне қарай өнбегі» демекші, соған орай лайықты құрмет те көрді.

Темір тұлпардың қыр-сырын жан-жақты игерген Сәкең соңғы елді-мекенде техника қауіпсіздігі жөніндегі инженер, механик, қаншама жыл гараж меңгерушісі секілді жауапкершілігі мол міндетті ойдағыдай атқарды. Әріптестері мен еңбек жолын жаңадан бастаған жастарға таптырмас тәлімгер атанды.

Сол бір уақыттардағы онымен бірге таңның атысы, күннің батысы тыным таппаған жүргізушілер мен техника саласындағы мамандар мұның мол кісілік келбеті, қайсарлығы, бірсөзділігі жайында әлі күнге дейін жыр ғып айтып жүреді. Бұл абыройлы ақсақал сондай құрметке әбден лайықты болғандығын айғақтай түседі. Оған ешкім де шүбә келтірмейді.

Отбасының шырайын келтірген апамыз кеңшардың орталық кеңсесінде есепшілік жауапты жұмысын білгірлікпен атқарып, ұжымдағы білікті маман ретінде аты-жөні ауызға жиі алынатын.

Қайран, бұрынғының кеңлейіл, дархан мінезді қыздары-ай десеңізші. Апамыз да солар секілді күйеуінің қас-қабағына қарап, алыс-жақыннан келетін қонақтарын да қабақ шытпай күтті. Бала да тапты. Шаңырақтың бақытын шалқытып, әулеттің абыройын асырды. Бірақ оны ешқашан да міндетсіп, өзгелерден мақтан күткен емес.

Кейбіреулердей жалқаулыққа салынып, қаладан азық-түлік тасымады. Ауылда тұрған соң қорада мал мен құс та ұстады. Таңмен таласа бірнеше сиыр да сауды. Сөйтіп сүт те, айран да, құрт пен ірімшік те өздерінен шықты. Сойған соғымдары жылда майлы да шүйпін болып, ақсақалдардың ақ батасын алды. Жем-шөпті де әрдайым күнібұрын елден қалмай дайындап алатын.

Олар 1997 жылы Қостанай шаһарына біржола қоныс аударды. Бір жерде отыз жылға жуық мекен еткендер жергілікті азаматтарға, көрші-көлемге, сыйлас жандарға әбден бауыр басып қалады екен. Көшерде «Вачасов» кеңшарының тұрғындарымен қимай-қимай қоштасты.

Қалаға келген соң тұрмысқа жайлы зәулім жеке үй тұрғызды. Сәлімжан аға осындағы ұл-қыздарына ақылшы болып, ұрпағының қызығына кенелді. Сәуле апамыз құрметті демалысқа дейін шаһардың бір шетінде орналасқан қалалық электр жүйесінде әубаста қалаған кәсібі бойынша қызмет атқарды. Тәжірибелі есепші жаңа ортада да іскерлігімен танылды.

Атамыз қазақ «Адамның бір қызығы – бала деген» емес пе? Аталмыш әулеттің байлығы да, мақтанышы да – балалары. Ақсақал мен ақжаулықты анамыз бар өмірін солардың келешегіне арнады.

Біз жоғарыда Сәлімжан ағаның бұғанасы қатпай жатып, жан бағу үшін жұмысқа тым ерте араласқанына тоқталдық. Өзі кезінде толыққанды білім алмағандықтан, ұрпақтарын оқытуға ерекше көңіл бөлді. «Солар биікке жетсе екен» деп зайыбымен күні-түні армандады.

Кешегі Кеңес Одағындағы солақай саясаттың кесірінен орыс-орманы басым өңірде қазақ мектебі жабылып қалғаны белгілі. Сондықтан үлкен облыста санаулы ғана оқу орындарында ана тілімізде білім алуға мүмкіндік болды.

Қостанай қаласындағы жалғыз ғана Ыбырай Алтынсарин мектеп-интернатында шалғай ауылдардағы қаңдастарымыздың ұл мен қыздары жатып оқыды.

Сол уақытта «Орысша білім алмаған бала адам болмайды, лайықты қызметке тұра алмайды» деген пікір де қалыптасқаны ешкімнен жасырын емес. Сол себептен қаншама қаракөз бауырларымыз елді мекендерде балаларын амалсыздан орыс мектептеріне беруге мәжбүр болды. Оның үстіне, солтүстікте тың және тыңайған жерлерді игеру науқанының да бұл мәселеге белгілі

дәрежеде зардабы тиді. Өйткені қаншама кеңшарлар құрылып, жан жақтан өзге ұлт өкілдері көшіп келді.

Қандастарымыз әйтеуір, үй ішінде ұл-қыздарымен қазақ тілінде сөйлесіп, бұрыннан келе жатқан салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпын ұмыта қойған жоқ. Тек тәуелсіздіктің арқасында аймақтағы ағайындардың еңсесі көтеріліп, жұртшылық балаларын мемлекеттік тілдегі балабақшаларға беріп, мектептерде және жоғары оқу орындарындағы қазақ бөлімдерінде оқыта бастады. Содан бері де қаншама жылдар артта қалды.

Әулеттің басшысы яғни Сәлімжан ақсақал мен Сәуле апамыздың бірқатар немерелері сол тәрбие орындарының табалдырығын аттағанда олардың қуаныштарында шек болған жоқ. Қазір бәрі де ана тілінде еркін сөйлейді.

Әңгіме арқауына айналған отбасында өскен үш ұл мен қыз ата-анасының сенімін ақтады. Бәрі де әке-шешесінің көрсеткен өнегесінің нәтижесінде өз қатарларының алды болды. Бұл күндері бәрі де үйлі-баранды.

ҰРПАҚТАРЫ ӘКЕ СЕНІМІН АҚТАДЫ

Тұңғыштары Рамазан – заңгер. Кезінде прокурорлық лауызымда да болды. Қазір қорғаушы. Зайыбы Бибігүлдің мамандығы – есепші. Ынтымағы жарасқан отбасындағы Марат, Азат, Дәурен есімді ұлдары – ата-әжесінің көз қуаныштары.

Мәулет жастайынан елгезектігімен танылды. Бұл күндері жары Марина екеуі де кәсіпкер. Қыздары Гауһар мен Даяна өте зейінді қыздар болып өсті. Олар егеменді еліміздің тіректері болатындығы даусыз.

Сәкең ұлтымыздың батыр перзенті Бауыржан Момышұлындай қайсар, батыл, өр мінезді болсын деген ырыммен атын қойған ұлдары Бауыржан халық сүйіспеншілігіне бөленген азамат. Облыста өте абыройлы. Келіншегі Жанатпен бірге заман талабына сай кәсіппен айналысады.

Олар қос перзенттері Арман мен Диасты да жастайынан еңбекке баулыды. Тиянақты да терең білім алды. Намысты да жігерлі жігіттер ата-анасының жолын құды. Келіндері Гүлнәр мен Альмира да жібектей мінезді, үлкеннің жолын кеспейтін инабатты да ибалы қазақ қыздары. Жас та болса, Аружан, Арлан, Алинұр және Әдия сынды алтын асықтай немерелерінің ата-әжесі.

Үлкен үйдің сүт кенжелері Айнұр үш ағасы секілді бауырмал, ата-анасына мейірімді. Ол да білікті заңгер. Күйеуі Руслан полицияда қызмет атқарады. Үлгілі офицер. Жұбайлардың қыздары Дильназ Еуразия университетінің студенті, ұлдары Дастан 9-сынып оқушысы. Ерлі-зайыптылар бауыр еті балаларын кішкентайынан ана тілінде оқытты.

Сәлімжан Қадамбайұлы соңынан ерген інілерін қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай, ағалық қамқорлығын жасады. Шама-шарқы келгенше оқытты. Үйлендіріп, келін түсірді. Олар да мұның мәртебесін асырмаса, ұятқа қалдырған жоқ.

УАҚЫТ ТАЛАБЫНА САЙ БОЛУ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қатарындағы әскери қызметшілердің күнделікті тыныс-тіршілігіндегі әскерлер қызметінің алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасы Президентінің 2007 жылғы 5 шілдедегі №364 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызмет Жарғысында анық көрсетілгендей, әскерлер қызметі – бұл гарнизондарда, әскери бөлімдер мен бөлімшелерде заңдармен, Қарулы Күштердің жалпыәскери жарғыларымен, бейбіт және соғыс уақытында әскерлердің тіршілік әрекетін, тұрмысын, қызметін, сондай-ақ тәуліктік нарядтың қызмет өткеруін ұйымдастыруды регламенттейтін бұйрықтармен, нұсқаулықтармен белгіленген жоғары жауынгерлік әзірлікті, жарғылық әскери реттілікті, тәртіп пен қағидаларды сақтауды қамтамасыз етуге бағытталған іс-шаралар кешені болып табылады. Әскерлер қызметі Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарының ішкі қызметіне сәйкес:

Біріншіден, әскери бөлімдердегі, бөлімшелердегі, парктердегі, оқу жаттығу орталықтарындағы, полигондар мен лагерьлердегі, корабльдердегі, мекемелердегі күнделікті қызметтік істерді айқындайтын, жауынгерлік әзірлікті, ішкі тәртіпті сақтауды, әскери қызметшілердің тіршілік әрекеті жағдайларын, тұрмысы мен оқуын, қару мен оқ-дәрілерді дұрыс сақтау мен беруді қамтамасыз ететін ішкі қызметті; екіншіден, әскери бөлімнің (бөлімшенің) ішкі тәртібін сақтау, жеке құрамын, қару-жарағы мен әскери техникасын, зымырандары мен оқ-дәрілерін, үй-жайларын, мүлкін және басқа да материалдық құралдарын күзету, бөлімшелердегі істердің жай-күйіне және әскери тәртіпті, күн тәртібі мен қызмет уақытының регламентін бұзудан сақтандыру және оған жол бермеу жөніндегі шаралардың уақтылы қабылдануын бақылауды жүзеге асыру үшін, сондай-ақ басқа да міндеттерді орындау үшін тағайындалған тәуліктік наряд қызметін; үшіншіден, мақсаты гарнизон жеке құрамының жауынгерлік әзірлігін, жоғары әскери тәртібін ұстауды, әскерлердің күнделікті қызметі мен даярлығы үшін қажетті жағдайларды және гарнизондық іс-шараларды жүргізуді қамтамасыз ету болатын гарнизондық қызметті қамтиды.

(Жалғасы 115-бетте)

Тек тағдырдың жазуы солай болды ма, бауырлары Баязит пен Қартабай мезгілсіз дүниеден өтті. Солардың өлімі мұның жанына қатты батты. Әулеттегілердің бәрін де терең ойға қалдырды. Бір медет тұтатындары, олардың ұрпақтары ғұмырын жалғастырып жатыр.

Тоқтарбай аға көрнекті мемлекет және қоғам қайраткері, кезінде Қостанай облысының әкімі болды. Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты атанды. Жастарға өнеге көрсетер тұлға ретінде елімізге танымал.

Серікбай ұлтжанды азамат. Шаруашылықта жетекші. Облыста беделі жоғары. Ал Әскербек полиция полковнигі. Өз саласының майталманы. Еңбегімен жерлестерінің ыстық ілтипатына ие болды.

Сәлімжан Қадамбайұлы сымбатына көз тоятын, бәйбішесі мен ұрпағына қамқор, туған-туысқанға жанашыр еді. Олар мереке күндері үлкен шаңырақта бас қосқанда өзін ерекше бақытты сезінетін. Кішкентайларды маңдайларынан мейірлене иіскеп, мауқын басатын. Ол сонау бір жылы ағасы Ақтас апат-қа ұшырап, өмірден өткенде өкініштен өзегі өртеніп, қайғы жұтты. Осы арқа тұтқан бауырының қазасынан жүрегіне үлкен салмақ түсті. Алайда сырқатынан құлан-таза жазылып кеткен жоқ. Өткен жылы желтоқсан айында сырқаты сыр беріп, мәңгілік көз жұмды. Отағасы табиғатынан да өте адал, бірбеткей, «Тура биде туыс жоқ» деген қағиданы ұстанды. Қазақы, кісіге жақын еді. Кіммен болсын бұрыннан білетін танысындай тез тіл табыса кететін. Қызбалығы да бар еді. Әйтсе де «Жақсы адамның ашуы – шайы орамал кепкенше» демекші, райынан лезде қайтатын. Біреуге кек сақтамайтын, кешірімшіл-тін. Бәйбішесі Сәуле апамен 56 жыл тату-тәтті өмір кешті. Артық сөз айтып, жүйкесін жұқартқан немесе көңіліне дақ сақталған кезі жоқ. Балажандығы өз алдына бөлек әңгіме. Қадірменді жанның бойындағы асыл қасиеттері бауыр еті баласы Бауыржаны мен алғашқы немересі Арманға жұқты. Бұлар да өз орталарының көркі. Жаны жайсаң, көңілдері көктемдей жайдары жігіттер. Мақаланы жазу барысында оның аяулы қызы Айнұр және тұңғыш немересі Арманмен де жүздестім. Айнұры әкесінің орны ешқашан толмайтынын айтса, Арман ініміз атасының биік адамгершілігін, кішкентайынан көзбен көріп, көңіліне түйген өнегелі қырларын, еркелеткен сәттерін сағынышпен еске алғанда, оның жүзінен ардақты жанға деген қимастық сезімі айқын сезіліп тұрды.

Жалпы, есімін замандастары аса бір ілтипатпен баяндайтын қазыналы ақсақал өткен жылы сексен алты жасқа қараған шағында бақилық болды. Сәуле апамыз екеуі ұл мен қыздарынан тоғыз немере, жеті шөбере сүйді. Мәуелі бәйтерек тамырын тереңге жайды деген осы емес пе.

Оразалы ЖАҚСАНОВ